

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен  
қауіпсіздігін бақылау комитеті  
**Түркістан облысының**  
тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы  
мен қауіпсіздігін бақылау департаменті  
Республикалық мемлекеттік мекемесі



Республиканское государственное учреждение  
**Департамент контроля качества и безопасности**  
**товаров и услуг**  
**Туркестанской области**  
Комитета контроля качества и безопасности  
товаров и услуг  
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ**  
**БАС МЕМЛЕКЕТТІК**  
**САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ**

**ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ**  
**САНИТАРНЫЙ ВРАЧ ТУРКЕСТАНСКОЙ**  
**ОБЛАСТИ**

**ҚАУЛЫСЫ**  
**17.04.2020 г. № 13**

**Түркістан қаласы**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

**город Туркестан**

## **О введении режима карантина на территории Туркестанской области**

Я, Главный государственный санитарный врач Туркестанской области Нышанов Нурбек Садыкбекович, на основании Указа Президента Республики Казахстан от 15 марта 2020 года № 285 «О введении чрезвычайного положения в Республике Казахстан», на основании подпункта 13) пункта 1 статьи 7-1, статьи 148, статьи 150 Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», в связи с увеличением количества зараженных коронавирусной инфекцией и с регистрацией летального случая (COVID-19) в Туркестанской области, в целях защиты жизни и здоровья граждан, предупреждения широкого распространения коронавирусной инфекции среди населения **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

### **1. Акимам районов и городов Туркестанской области:**

Ввести на территории районов и городов Туркестанской области режим карантина с особыми условиями хозяйственной и иной деятельности с 24.00 часов 18 апреля 2020 года до окончания чрезвычайного положения.

**2. Акимам районов и городов Туркестанской области, руководителям государственных органов, правоохранительных и специальных органов обеспечить введение и контроль исполнения на**

## **территории Туркестанской области:**

1) Запретить въезд (выезд) всех видов автотранспортных средств и граждан на (из) территорию Туркестанской области, за исключением транзитного автотранспорта, а также автотранспорта с продовольственными товарами, лекарственными средствами, медицинскими изделиями, дезинфекционными средствами, производственными товарами и материалами для **обеспечения бесперебойного функционирования и жизнедеятельности промышленных, строительных, сельскохозяйственных предприятий Туркестанской области**, а также транспортных средств и граждан имеющих разрешение на въезд и выезд (согласно приложения №1, №2 настоящего Постановления).

2) Запретить перемещение жителям области между городами, районами, населенными пунктами за исключением, автотранспорта, обеспечивающих жизнедеятельность населения, строительные и посевные работы (грузовые и легковые транспортные средства, перевозящие продукты питания, лекарственные средства, дезинфекционные средства, строительные материалы, а также специализированные и служебные машины, задействованные в режиме чрезвычайного положения).

3) Разрешить въезд и выезд на территорию области лицам, нуждающимся в экстренной медицинской помощи по жизненным показаниям, а также по квотам на получение высокотехнологичной медицинской помощи;

4) Усилить санитарные блок-посты на границах соседних регионов (Жамбылская, Кызылординская область и г.Шымкент)

5) Приостановить междугородние пассажирские перевозки.

6) Приостановить деятельность всех автовокзалов и автостанций.

7) Приостановить движения городского общественного транспорта.

8) Руководителям государственных органов и организаций, а также юридическим лицам независимо от форм собственности, индивидуальным предпринимателям и физическим лицам (собственникам и арендаторам объектов массового скопления людей) перевести работников на дистанционный режим работы.

9) Режим биологической безопасности при проведении ограничительных мероприятий всех задействованных служб, оснащение их средствами индивидуальной защиты, необходимым довольствием и условиями личной гигиены на блок-постах.

10) Усилить дезинфекционный режим в городах и населенных пунктах Туркестанской области:

- дезинфекция лечебно-профилактических учреждений с введением карантина и кварцевание отделений, палат, процедурных, операционных - 2 раза в день;

- дезинфекция тротуаров, дорог и прилегающих к ним остановочных комплексов, перекрестков дорог, внешних элементов и участков торговых

площадок (продуктовые магазины) – обработка согласно графику ежедневно;

- дезинфекция подъездов и дворовых территории жилых кварталов - согласно графику и под руководством отделов жилищно-коммунального хозяйства районных и городских акиматов Туркестанской области.

Общий график обработки территорий по каждому населенному пункту составляют акимы районов и городов Туркестанской области и их аппараты и другие организации, задействованные в дезинфекционной обработке и в однодневный срок предоставляют в территориальные управления департамента контроля качества и безопасности товаров и услуг.

Запрещается во время проведения дезинфекции выходить на улицу в течение 5 часов после обработки во избежание последствий для здоровья.

11) Ввести масочный режим на территории области. Жители и гости области обязаны постоянно носить маски, в особенности при передвижении в общественном транспорте, посещении мест возможного массового скопления людей (на объектах торговли, рынках, в учреждениях, предприятиях, помещениях).

12) Запретить на период действия карантина на территории области торжественных семейных мероприятий (день рождения, свадьба, кудалык и т.д., где могут собраться более 3-х гостей).

13) Ограничение передвижения по городу, населенному пункту за исключением следующих случаев:

13.1) ограничить выход из жилья без крайней необходимости, за исключением приобретения продовольствия, предметов первой необходимости, лекарственных средств и медицинских изделий в магазинах и аптеках шаговой доступности, в непосредственной близости от места проживания согласно данным о регистрации, включая временную, обращения за медицинской помощью, а также в случае непредвиденных ЧС и других случаев, угрожающих жизни и здоровью человека;

13.2) ограничить передвижение группами не более трех человек, за исключением членов семьи;

13.3) запретить самостоятельное передвижение несовершеннолетних без присмотра родителей;

13.4) гражданам в возрасте старше 65 лет соблюдать режим самоизоляции;

13.5) организовать волонтеров для доставки продуктов питания и лекарственных средств инвалидам и гражданам в возрасте старше 65 лет;

13.6) Передвижение от места жительства до места работы и обратно при наличии справки с места работы (либо служебное удостоверение), с указанием вида деятельности предприятий.

**3. Приостановить** деятельность всех организаций (независимо от форм собственности) за исключением организаций, осуществляющих свою

деятельность согласно приложения №3 настоящего Постановления, а также строительство, дорожная карта занятости, сельско-хозяйственные работы и объекты жизнеобеспечения.

**4. Приостановить** функционирование общественных мест: парки, скверы, набережные, детские игровые площадки и иные места отдыха граждан.

**5. Органичение работы (с усилением санитарного и дезинфекционного режима) объектов торговли и объектов общественного питания:**

1) продуктовые магазины с ограничением времени работы с 09.00 часов до 20.00 часов;

3) объекты общественного питания: рестораны, бары, кафе, столовые с ограничением работы в режиме на вынос и доставку заказов без посещения гражданами помещений таких предприятий с 08.00 часов до 22.00 часов с соблюдением санитарно-эпидемиологических требований при доставке, а также с соблюдением следующих требований на местах подготовки готовой продукции:

3.1) использование персоналом специальной одежды, одноразовых перчаток и масок при работе (смена масок не реже 1 раза в 3 часа);

3.2) не допускать к работе персонал, с проявлениями острых респираторных инфекций (повышенная температура, кашель, насморк);

3.3) проводить проветривание и влажную уборку помещений с применением дезинфицирующих средств путем протирания дезинфицирующими салфетками (или растворами дезинфицирующих средств) ручек дверей, стеллажей, по окончании рабочей смены (или не реже, чем через 6 часов).

**6. Правоохранительным органам обеспечить неукоснительное исполнение всеми физическими и юридическими лицами независимо от форм собственности данного Постановления.**

**7. Управлению общественного здоровья Туркестанской области:**

1) ограничить посещение больными с хроническими заболеваниями организаций, оказывающих первичную медико-санитарную помощь, организовав их медицинское обеспечение на дому. Обеспечить работу данных организаций только для больных с острыми заболеваниями;

2) Обеспечить выделение отдельных коек в инфекционных стационарах для изоляции больных и с подозрением на заболевание коронавирусной инфекцией, с соблюдением противоэпидемического режима;

3) Обеспечить средствами индивидуальной защиты, в том числе респираторами высокой степени защиты, медицинских работников и персонал, действия которых связаны с осмотром, транспортировкой, работой в очаге, госпитализацией, лечением и обслуживанием больных с подозрением на КВИ;

4) Обеспечить потребность необходимыми лекарственными средствами и медицинскими изделиями;

5) С целью раннего выявления заболевания обеспечить проведение подворных обходов на территории города, района, где зарегистрирован больной, зараженный КВИ.

**8. Директору филиала РГП на ПХВ «Национальный центр экспертизы» по Туркестанской области, Директору Центра дезинфекции по Туркестанской области РГП на ПХВ «Национальный центр экспертизы» обеспечить:**

1) Лабораторное обследование больных и контактных на КВИ.

2) Дезинфекционную обработку очагов КВИ.

3) Неснижаемый запас расходных лабораторных материалов, расходных материалов для забора образцов от больных КВИ, тест-систем, диагностикумов для проведения полимеразно-цепной реакции, вирусологических исследований, молекулярно-генетического исследования.

**9. Руководителю департамента уголовно-исполнительной системы по Туркестанской области КУИС МВД РК:**

1) ввести ограничительные мероприятия (карантин по запрещению посещения) и обеспечить усиленный санитарно-дезинфекционный режим на объектах специальных учреждений ОВД и КУИС (следственные изоляторы, колонии и др.).

**10.** Считать утратившим силу постановление Главного государственного санитарного врача Туркестанской области *от 3 апреля 2020 года №10.*

**11.** Постановление обязательно для исполнения всеми физическими и юридическими лицами независимо от форм собственности.

**12.** Информацию об исполнении постановления представить в ситуационный центр ежедневно к 17.00 ч.

**13.** Контроль за исполнением настоящего Постановления оставляю за собой.

**14.** Настоящее Постановление вступает в силу со дня подписания.

**Главный государственный  
санитарный врач  
Туркестанской области**

**Н.Нышанов**

**Перечень разрешенных видов транспортных средств и граждан для въезда в Туркестанскую область и выезда из Туркестанской области:**

1. Грузовые транзитные перевозки и грузовые перевозки товаров:
  - 1.1. Грузовые транзитные перевозки любых видов грузов: только грузовой транспорт; транспортные средства могут быть загруженные или порожние; водитель и не более двух пассажиров;
  - 1.2. Грузовые перевозки продовольственных товаров, лекарственных средств, медицинских изделий, дезинфекционных средств (в том числе малогабаритные, крупногабаритные и легковой транспорт): транспортные средства могут быть загруженные или порожние; водитель и не более двух пассажиров;
  - 1.3. Грузовые перевозки строительных материалов, ГСМ и других материалов (в том числе малогабаритные и крупногабаритные): только грузовой транспорт; транспортные средства могут быть загруженные или порожние; водитель и не более одного пассажира;
  - 1.4. Специальная инженерная, строительная и военная техника правоохранительных и других организаций для обеспечения безопасности, жизнедеятельности населения, а также для проведения санитарно-противоэпидемиологических мероприятий.
2. Транспортные средства и сотрудники служб для обеспечения безопасности и жизнедеятельности Туркестанской области:
  - 2.1. Сотрудники служб медицинской помощи, санитарно-эпидемиологических служб, медицинский персонал, фармацевтических компаний, а также сотрудники и лабораторные специалисты организаций, обеспечивающих деятельность медицинских учреждений на служебных и личных автомашинах, без посторонних лиц и членов семьи (*врачи, медсестры, санитары, водители - при предъявлении служебных удостоверений, удостоверении личности и справок с места работы*)',
  - 2.2. Сотрудники службы гражданской защиты, пожаротушения и аварийно-спасательных работ, аварийно-технические службы, без посторонних лиц и членов семьи (*при предъявлении служебных удостоверений, удостоверении личности и справок с места работы*)',
  - 2.3. Сотрудники служб погребения, ритуальных услуг, а также частные лица, перевозящие умершего в количестве не более 20 человек и не более 4 единиц автотранспорта, при наличии подтверждающих документов;
  - 2.4. Специализированный инкассаторский транспорт;
  - 2.5. Служебный транспорт и сотрудники правоохранительных и других специальных органов Туркестанской области (на личном автотранспорте) при предъявлении служебных удостоверений или справок и мест работы (данное разрешение не распространяется органам других областей, городов);
  - 2.6. Военнослужащие и служебный транспорт Национальной гвардии РК, Вооруженных Сил РК и Пограничной службы КНБ РК при предъявлении служебного

удостоверения либо военного билета и документов, подтверждающих служебную необходимость, подписанных командиром воинской части, военнослужащие срочной службы только на специальном автотранспорте;

2.7. Граждане иностранных государств, ранее въехавшие на территорию Республики Казахстан, при их выезде из Туркестанской области;

2.8. В особых случаях, граждане Республики Казахстан, выезжающие из Туркестанской области на лечение, при предъявлении подтверждающих документов учреждений здравоохранения;

2.9. В особых случаях, жители других регионов, въезжающие в Туркестанскую область на оперативное лечение, при предъявлении подтверждающих документов учреждений здравоохранения Туркестанской области;

2.10. Жители других регионов, выписанные из медицинских организаций Туркестанской области после окончания лечения на основании выписки из медицинской карты;

2.11. Женщины-роженицы с новорожденными детьми, выписанные из родильных домов Туркестанской области на основании выписки из медицинской карты;

2.12. Члены поездных и локомотивных бригад, а также лица, участвующие в железнодорожных перевозочных процессах, экипажи воздушных судов (*при предъявлении служебных удостоверений, удостоверении личности и справок с места работы*);

2.13. Жители других регионов и граждане иностранных государств, прошедшие карантинную изоляцию в случае выезда из Туркестанской области по выписке из медицинской карты;

2.14. Разрешается передача лабораторными службами через блокпосты биоматериалов для проведения анализов и биоотходов, без права заезда и выезда автомобилей, и их транспортирующих средств, кроме анализов на КВИ;

2.15. Разрешается доставка лабораторными службами биоматериалов для проведения анализов КВИ, с правом заезда и выезда автомобилей, и их транспортирующих средств;

2.16. Лица, выезжающие/въезжающие из/в Туркестанскую область в особых случаях по специальному разрешению Региональной комиссии по обеспечению режима чрезвычайного положения по Туркестанской области.

Приложение №2  
к Постановлению Главного государственного  
санитарного врача Туркестанской области  
№ \_\_\_ от « \_\_\_ » апреля 2020 года

Перечень предприятий, обеспечивающих жизнедеятельность региона, сотрудникам которых разрешены въезд в Туркестанскую область и выезд из Туркестанской области на служебных транспортных средствах без посторонних лиц и членов семьи *(при предъявлении служебных удостоверений, удостоверении личности и справок с места работы)*:

1. АО «Казпочта»;
2. АО «Казактелеком»;
3. АО «КЕГОК»;
4. АО «КазТрансГаз»;
5. АО «КазТрансГаз-Аймак»;
6. ТОО «Азиатский Газопровод»;
7. АО ПАК «Казатомпром»;
8. АО «Интергаз Центральная Азия»;
9. АО «КазТрансОйл»;
10. АО «НК «Казахстан Темир Жолы»;
11. АО «Казавтожол»;
12. ТОО «Казахавтодор»;
13. Операторы сотовой связи;
14. ТОО «Онтустик Жарык Транзит».



**Перечень разрешенных видов деятельности для организаций и предприятий,  
которые не подлежат приостановлению, с усилением санитарного и  
дезинфекционного режима**

1. Территориальные подразделения центральных государственных органов по Туркестанской области, местные исполнительные органы Туркестанской области и их подведомственные организаций.
2. **Система здравоохранения, включая:**
  - 2.1. Медицинские учреждения (больницы, поликлиники), за исключением процедурных кабинетов при аптеках;
  - 2.2. Лабораторные услуги;
  - 2.3. Фармацевтические компании, аптеки;
  - 2.4. Предприятия, производящие защитные маски, дезинфекционные средства, антисептики, по согласованию с Управлением предпринимательства и индустриально-инновационного развития Туркестанской области.
3. Ветеринарные службы.
4. Инфраструктура и коммунальные службы, включая:
  - 4.1. Электроэнергетические компании (производители, транспортировщики, розничные поставщики);
  - 4.2. Газо-, водо-, теплоснабжение, водоотведение (производители, транспортировщики, розничные поставщики);
  - 4.3. Противопожарная и аварийно-спасательные службы;
  - 4.4. Услуги в сфере управления жилищным фондом (электрики, сантехники, уборка дворов и помещений, аварийная служба, в том числе по обслуживанию лифтов);
  - 4.5. Уборка улиц и помещений;
  - 4.6. Сбор, обработка и утилизация мусора и отходов;
  - 4.7. Предприятия, оказывающие услуги дезинфекции, дезинсекции и дератизации;
  - 4.8. Организации, обеспечивающие функционирование технических средств регулирования дорожного движения;
  - 4.9. Телекоммуникации и связи;
  - 4.10. Услуги специализированных транспортных средств, а также службы такси, зарегистрированные «в реестре такси» Управления пассажирского транспорта и автомобильных дорог Туркестанской области;
  - 4.11. Почтовые и курьерские услуги;
  - 4.12. Контакт-центры филиала НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан»;
  - 4.13. Палата предпринимателей «Атамекен», филиал АО «НИТ».
5. Филиалам Национального Банка РК, Национального оператора почты, банков второго уровня, а также организации, имеющие право на осуществление обменных операций с наличной иностранной валютой переход на онлайн режим работы и по принципу «доставки до клиентов».
6. Гостиницы, нотариусы, адвокатские конторы.
7. Предприятия, оказывающие услуги в сфере обеспечения

безопасности (охранные агентства).

**8.** Оптовая реализация продуктов питания, продуктовые магазины с усилением дезинфекционного режима.

**9.** Средства массовой информации, типографии.

**10.** Автозаправочные и автогазозаправочные станции.

**11.** Субъекты предпринимательства в следующих сферах:

- легкая промышленность;
  - машиностроение;
  - производство строительных материалов;
  - нефтехимическая, химическая отрасль и производство нефтепродуктов;
  - субъекты промышленных и специальных экономических зон;
  - пекарни, кондитерские предприятия;
  - пищевая промышленность и производство упаковочных материалов для этих товаров;
  - производство лекарственных препаратов, включая производство упаковочных материалов;
  - медицинского оборудования и медицинских инструментов, продуктов санитарной гигиены;
  - сертифицирование продуктов питания;
  - складирование и дистрибуция сырья для производств, продуктов питания, лекарственных препаратов и медицинских изделий;
  - транспортные организации и грузоперевозчики;
  - корма и медикаменты для скота и птицы;
  - деревообрабатывающая промышленность;
  - металлическое производство для строительных объектов;
  - производство упаковочных материалов (в том числе бумажных).
- 12.** Предприятия функционирующие в сфере АПК, животноводства, птицеводства, рыбного хозяйства, тепличные комплексы (с соблюдением сан.эпид.норм).

**13. Строительные компании, с усилением санитарно-эпидемиологических норм.** Строительные магазины работают в режиме доставки.

**14. Другие важные услуги, в том числе:**

14.1. Сервисы доставки продуктов питания, лекарств и медицинских изделий, товаров первой необходимости;

14.2. Деятельность объектов общественного питания (рестораны, кафе, бары, столовые и другие) переходят на режим доставки еды на дом с применением онлайн заказов **с 08:00 часов до 22:00 часов**, с соблюдением санитарно-эпидемиологических норм при доставке и на местах подготовки готовой продукции;

14.3. Торгово-логистические центры, транспортно-логистические фирмы, склады, дистрибуция продуктов питания, лекарственных препаратов и медицинских изделий.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен  
қауіпсіздігін бақылау комитеті  
**Түркістан облысының**  
тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы  
мен қауіпсіздігін бақылау департаменті  
Республикалық мемлекеттік мекемесі



Республиканское государственное учреждение  
**Департамент контроля качества и безопасности**  
**товаров и услуг**  
**Туркестанской области**  
Комитета контроля качества и безопасности  
товаров и услуг  
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ**  
**БАС МЕМЛЕКЕТТІК**  
**САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ**

**ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ**  
**САНИТАРНЫЙ ВРАЧ ТУРКЕСТАНСКОЙ**  
**ОБЛАСТИ**

**ҚАУЛЫСЫ**  
**17.04.2020 ж. № 13**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

**Түркістан қаласы**

**город Туркестан**

## **Түркістан облысының аумағында карантин режимін енгізу туралы**

Мен, Түркістан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Нышанов Нұрбек Садықбекұлы, «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығы, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-1 бабы 1-тармағының 13) тармақшасы, 148-бабы, 150-бабы негізінде, Түркістан облысында коронавирустық инфекциямен (COVID-19) ауырғандар санының артуына және летальды жағдайдың тіркелуіне байланысты, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау, халық арасында коронавирустық инфекцияның кеңінен таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

### **1. Түркістан облысының аудан және қала әкімдеріне:**

2020 жылдың 18 сәуірі 24.00 сағаттан бастап төтенше жағдайдың соңына дейін Түркістан облысының аудан және қалаларының аумағында ерекше шарттарымен шаруашылық және өзге де қызметтерге карантин режимі енгізілсін.

**2. Түркістан облысының аудан және қала әкімдері, мемлекеттік органдардың, құқық қорғау және арнайы органдардың басшылары Түркістан облысының аумағында енгізілуді және орындалуын бақылауды қамтамасыз етсін:**

1) Транзиттік автокөлікті, сондай-ақ Түркістан облысының өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының үздіксіз жұмыс істеуін және тіршілік етуін қамтамасыз ету үшін азық-түлік тауарлары, дәрілік заттар, медициналық бұйымдар, дезинфекциялық заттар, өндірістік тауарлар мен материалдар бар автокөлікті және кіріп - шығуға рұқсаты бар азаматтар мен көлікті қоспағанда (Осы Қаулының №1, №2 қосымшасына сәйкес), Түркістан облысының аумағына (аумағынан) автокөлік құралдарының барлық түрлерінің және азаматтардың келуіне және шығуына тыйым салынсын;

2) Тұрғындардың өмір сүруін қамтамасыз етуге, құрылыс және егін жұмыстарына қамтылған автотранспорттарды қоспағанда, облыс тұрғындарының қалалар, аудандар, елді мекендер арасында қатынауына тыйым салынсын (азық-түлік, дәрі-дәрмек, дезинфекциялық заттар, құрылыс материалдарын тасымалдайтын жүк және жеңіл транспорт құралдары, сонымен қатар төтенше жағдай режиміне қамтылған арнайы және қызметтік көліктер);

3) Өмірлік көрсеткіштеріне қарай жедел медициналық көмек қажет етілетін, жоғары технологиялық медициналық қызмет алуға квотасы бар тұлғаларға облыс аумағына кріп-шығуға рұқсат етілсін;

4) Көрші аймақтармен шекарадағы санитарлық блок-посттарды күшейту (Жамбыл, Қызылорда облыстары, Шымкент қаласы);

5) Қалааралық жолаушылар тасымалдау тоқтатылсын;

6) Автовокзалдар мен автостанциялардың қызметі тоқтатылсын;

7) Қалалық қоғамдық көліктің қозғалысы тоқтатылсын.

8) Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларына, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан, заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлер мен жеке тұлғаларға (адамдар көп жиналатын объектілердің меншік иелері мен жалға алушыларына) қызметкерлер қашықтықтан жұмыс режиміне көшірілсін.

9) Шектеу шараларын жүргізуге тартылған қызметтердің биологиялық қауіпсіздік режимін сақтай отырып, блок-посттарда жеке қорғаныш құралдарымен, қажетті азық-түлікпен қамтамасыз етіліп, жеке бас гигиенасын сақтауға жағдай жасалсын;

10) Түркістан облысының қалалары мен елді мекендерінде дезинфекциялық режим күшейтілсін:

- емдеу мекемелеріне карантин қойып, бөлімшелерді, палаталарды, емдеу бөлмелерін, операциялық бөлмелерді күніне 2 рет кварцтау және дезинфекция жүргізілсін;

- тротуарлар, жолдар және оларға іргелес аялдама кешендері, жол қиылыстары, сауда алаңдарының сыртқы элементтері мен учаскелерін (азық-түлік дүкендері) – кестеге сәйкес өңдеу;

- тұрғын үй кварталдарының кіреберістері мен аула аумақтарын – кестеге сәйкес және Түркістан облысының аудандық және қалалық әкімдіктерінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімдерінің басшылығымен өңдеуді қамтамасыз ету.

Әрбір аудан бойынша аумақты өңдеудің жалпы кестесін Түркістан

облысының аудан, қала әкімдері және олардың аппараттары және дезинфекциялық өңдеуге тартылған басқа да ұйымдар жасайды, бір күндік мерзімде тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің аумақтық басқармаларына келісуге ұсынады.

Дезинфекция жүргізу кезінде денсаулыққа зиян келтірмеу үшін өңдеуден кейін 5 сағат ішінде көшеге шығуға тыйым салындаы.

11) Облыс аумағында маска кию режимі енгізілсін. Облыс тұрғындары мен қонақтар масканы үнемі тағып жүруі міндетті, әсіресе қоғамдық көліктерде, адамдардың көп жиналатын орындарында (бөлмелерде, кәсіпорындарда, мекемелерде, базарларда, сауда объектілерінде).

12) Облыс аумағында карантин әрекеті кезеңінде салтанатты жанұялық шараларға тыйым салынсын (туылған күндер, үйлену тойлары, құдалық және басқа 3 адамнан артық жиналуы мүмкін шаралар)

13) Келесі жағдайларды қоспағанда, облыс бойынша қозғалысты шектеу:

13.1) уақытша тіркеуді қоса алғанда, тіркеу туралы мәліметіне сәйкес тұрғылықты мекен-жайына жақын жерде орналасқан дүкендерден және дәріханалардан азық-түлікті, бірінші кезекте қажетті заттарды, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуды, медициналық көмекке жүгінуді, сондай-ақ күтпеген ТЖ және адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін басқа да жағдайларды қоспағанда, аса қажет болмағанда тұрғын үйден шығуы шектелсін;

13.2) отбасы мүшелерін қоспағанда, үш адамнан аспайтын топтармен жүруі шектелсін;

13.3) кәмелетке толмағандардың, ата-аналарының қадағалауынсыз жүруіне тыйым салынсын;

13.4) 65 жастан асқан азаматтарға өзін-өзі оқшаулау режимі сақталсын;

13.5) мүгедектер мен 65 жастан асқан азаматтарға азық-түлік пен дәрі-дәрмекті жеткізіп беру үшін еріктілерді ұйымдастыру;

13.6) Кәсіпорын қызметін көрсете отырып, жұмыс орнынан анықтамасы болған жағдайда (немесе қызметтік куәлік) тұрғылықты мекен жайынан жұмыс орынына бару және қайту.

**3. Қаулының №3 қосымшасына сәйкес қызметпен айналысатын ұйымдарды және құрылыс, ауыл шаруашылығы, жұмыспен қамту жол картасы, тіршілікті қамтамасыз ету нысандарын қоспағанда, барлық ұйымдардың (меншік нысанына қарамай) қызметі тоқтатылсын.**

**4. Қоғамдық орындардың жұмысы тоқтатылсын:** саябақтар, скверлер, жағалаулар, балалар ойын алаңшалары және басқа азаматтардың демалыс орындары.

**5. Сауда объектілері мен қоғамдық тамақтану объектілерінің жұмысы шектелсін (санитариялық және дезинфекциялық режимді күшейте отырып):**

1) азық-түлік дүкендерінің жұмысы сағат 09.00-ден сағат 20.00-ге дейін шектелсін;

2) қоғамдық тамақтану объектілері: мейрамханалар, барлар, кафелер, асханалар жұмысы азаматтардың осындай кәсіпорындарға бармай, өз бетінше шығару немесе тапсырыспен жеткізу режимінде сағат 08.00-ден сағат 22:00-ге дейін, жеткізу барысында санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, сонымен қатар дайын тағамдарды дайындау орындарында келесі талаптарды сақтай отырып шектелсін:

2.1) персоналдың жұмыс кезінде арнайы киімді, бір рет қолданылатын қолғаптар мен маскаларды пайдалануы (маскаларды 3 сағатта 1 реттен кем емес ауыстыру);

2.2) жіті респираторлық жұқпалар көрінісі бар (жоғары температура, жөтел, тұмау) қызметкерлерді жұмысқа жібермеу;

2.3) жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін (немесе кемінде 6 сағаттан кейін) есік тұтқаларын, тұтқаларды, стеллаждарды дезинфекциялайтын салфеткалармен (немесе дезинфекциялайтын құралдардың ерітінділерімен) сүрту арқылы дезинфекциялайтын құралдарды қолдана отырып үй-жайларды желдету және ылғалды тазалау.

**6. Құқық қорғау органдары меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалардың осы қаулыны мүлтіксіз орындауын қамтамасыз етсін.**

#### **7. Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық басқармасы:**

1) созылмалы аурулары бар науқастардың үйде медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыра отырып, бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйымдарға баруын шектесін. Осы ұйымдардың жұмысын тек ауыр сырқаты бар науқастар үшін қамтамасыз етсін.

2) Эпидемияға қарсы режимді сақтай отырып, КВИ-мен ауыратын науқастарды және күдікті адамдарды оқшаулау үшін инфекциялық стационарларда бөлек төсектермен қамтамасыз етілсін және індетке қарсы іс-шаралар күшейтілсін;

3) Іс-әрекеті КВИ-ға күдікті науқастарды қараумен, тасымалдаумен, ошақтағы жұмыспен, емдеуге жатқызумен, емдеумен және оларға қызмет көрсетумен байланысты медицина қызметкерлерінің және персоналдың қорғаныш дәрежесі жоғары маскалармен немесе респираторлармен қамтамасыз етілсін;

4) Қажетті дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен жеткілікті қамтамасыз етілсін;

5) Ауруды ерте анықтау мақсатында КВИ жұқтырған науқас тіркелген аудан, қала аумағында үйме үй аралау жұмыстарының жүргізілуі қамтамасыз етілсін.

**8. «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалының директорына, «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы филиалының «Дезинфекция орталығы» директорына:**

1) КВИ-мен науқастар және байланыста болған адамдарды зертханалық тексерілсін.

2) КВИ ошақтары дезинфекциялық өңделсін.

3) КВИ науқастарынан үлгілерді алуға арналған зертханалық шығыс материалдарының, тест жүйелердің, полимеразды-тізбекті реакция, вирусологиялық зерттеулер, молекулярлық-генетикалық зерттеулер жүргізу үшін диагностикумдардың төмендейтін қоры қамтамасыз етілсін.

**9. ҚР ИМ ҚАЖК Түркістан облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің басшысына:**

1) шектеу іс-шараларын (келуге тыйым салу бойынша карантин) енгізу және ПО және ҚАЖК (тергеу изоляторлары, колониялар және т.б.) арнайы мекемелерінің объектілерінде күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді қамтамасыз етсін.

**10.** Түркістан облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің *2020 жылғы 3 сәірдегі №10 қаулысының* күші жойылды деп танылсын.

**11.** Қаулы меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы міндетті.

**12.** Қаулының орындалуы жөнінде мәлімет күнделікті сағат 17.00-ге ситуациялық орталыққа берілсін.

**13.** Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**14.** Осы Қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Түркістан облысының  
Бас мемлекеттік санитариялық  
дәрігері**

**Н.Нышанов**

**Түркістан облысына кіру және Түркістан облысынан шығу үшін рұқсат етілген  
көлік құралдары түрлерінің және азаматтардың  
ТІЗБЕСІ**

1. Жүк тасымалдау және транзитті жүк тасымалдау:
  - 1.1. Кез келген жүк түрлерінің транзиттік жүк тасымалдары: тек жүк көлігі; көлік құралдары тиелген немесе бос; жүргізуші және екі жолаушыдан артық емес;
  - 1.2. Азық-түлік тауарларын, дәрі-дәрмек, медициналық бұйымдар, дезинфекциялық саттар (оның ішінде шағын көлемді, ірі көлемді және жеңіл көліктер) жүк көлігімен тасымалдау: көлік құралдары тиелген немесе бос; жүргізуші және екі жолаушыдан артық емес;
  - 1.3. Құрылыс материалдарын, ЖЖМ (жанар-жағар май) және басқа да материалдарды жүк көлігімен тасымалдау (оның ішінде шағын көлемді және ірі көлемді): тек жүк көлігі; көлік құралдары тұрмыстық немесе бос болуы мүмкін; жүргізуші және бір жолаушыдан артық емес.
  - 1.4. Халықтың қауіпсіздігін, тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ, санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу үшін құқық қорғау және басқа да ұйымдардың арнайы инженерлік, құрылыс және әскери техникасы.
2. Түркістан облысының қауіпсіздігі мен тіршілігін қамтамасыз ету үшін көлік құралдары және қызмет мамандары:
  - 2.1. Медициналық көмек қызметтерінің, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің қызметкерлері, медициналық персонал, фармацевтикалық компаниялар, сондай-ақ қызметтік және жеке автомашиналарда медициналық мекемелердің қызметін қамтамасыз ететін ұйымдардың қызметкерлері мен зертханалық мамандары, бөгде адамдарсыз және отбасы мүшелерінсіз (дәрігерлер, медбикелер, санитарлар, жүргізушілер - қызметтік куәліктерді, жеке куәлікті және жұмыс орнынан анықтамаларды көрсеткен жағдайда);
  - 2.2. Азаматтық қорғау, өрт сөндіру қызметінің қызметкерлері және апатты-құтқару жұмыстары, апатты-техникалық қызметтер, бөгде адамдар мен отбасы мүшелерінсіз (қызметтік куәліктерді, жеке куәлікті және жұмыс орнынан анықтамаларды көрсеткен кезде);
  - 2.3. Жерлеу, салт-жоралық қызмет көрсету қызметтерінің қызметкерлері, сондай-ақ, растайтын құжаттары болған жағдайда 4 бірліктен аспайтын автокөлікте ілесіп жүретін 20 адамнан аспайтын жеке тұлғалар;
  - 2.4. Мамандандырылған инкассаторлық көлік;
  - 2.5. Қызметтік куәліктерін немесе жұмыс орнынан анықтамаларды көрсеткен жағдайда Түркістан облысының құқық қорғау және басқа да арнайы органдардың қызметкерлері (жеке автокөлігімен) және қызметтік көлікпен (бұл рұқсат басқа облыстар мен қалалардың органдарына қолданылмайды);
  - 2.6. ҚР Ұлттық ұланының, ҚР Қарулы Күштерінің және ҚР ҰҚК Шекара қызметінің әскери қызметшілері мен қызметтік көлігі қызметтік куәлігін немесе әскери билетті және әскери бөлім командирі қол қойған қызметтік қажеттілігін растайтын құжаттарды көрсеткен жағдай; мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер тек арнайы автокөлікпен;
  - 2.7. Бұрын Қазақстан Республикасының аумағына кірген шет мемлекеттердің азаматтары, олар Түркістан облысынан шыққан кезде;



- 2.8. Ерекше жағдайларда Түркістан облысынан емделуге кететін Қазақстан Республикасының азаматтары денсаулық сақтау мекемелерінің растайтын құжаттарын көрсеткен жағдайда;
- 2.9. Ерекше жағдайларда, Түркістан облысына жедел емделуге келетін басқа өңірлердің тұрғындары Түркістан облысының денсаулық сақтау мекемелерінің растайтын құжаттарын көрсеткенде;
- 2.10. Медициналық картасынан үзіндінің негізінде емдеу аяқталғаннан кейін Түркістан облысының медицина ұйымдарынан шығарылған басқа өңірлердің тұрғындары;
- 2.11. Түркістан облысының перзентхана үйлерінен медициналық картадан үзінді көшірме негізінде нәрестелері мен босанған әйелдер;
- 2.12. Поездық және локомотив бригадаларының мүшелері, сондай-ақ, темір жол тасымалдау процестеріне қатысушылар, әуе кемелерінің экипаждары (қызметтік куәліктерді, жеке куәлікті және жұмыс орнынан анықтамаларды көрсеткен жағдайда);
- 2.13. Басқа өңірлердің тұрғындары және медициналық картадан үзінді көшірме бойынша карантиндік оқшаулаудан өткен шет мемлекеттердің азаматтары Түркістан облысынан шыққан жағдайда;
- 2.14. Автомобильдердің кіру және шығу құқығынсыз және оларды тасымалдау құралдарынсыз, КВИ талдауларынан басқа био қалдықтар мен талдаулар жүргізуге арналған биоматериалдарды блокпостарда зертханалық қызметтер арқылы беруге рұқсат етіледі;
- 2.15. Зертханалық қызметтермен биоматериалдарды КВИ талдауларын жүргізу үшін автомобильдердің кіру және шығу құқығымен және оларды тасымалдау құралдарымен жеткізуге рұқсат етіледі;
- 2.16. Түркістан облысы бойынша төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік комиссияның арнайы рұқсаты бойынша ерекше жағдайларда Түркістан облысынан шығатын/кіретін адамдар.

Түркістан облысының  
Бас мемлекеттің санитариялық  
дәрігерінің 2020 жылғы « \_\_\_\_ »  
сәуірдегі № \_\_\_\_ Қаулысына  
№2 қосымша

Түркістан облысына кіруге және шығуға рұқсат етілген қызметтік көлік құралдарындағы қызметкерлер бөгде адамдар мен отбасы мүшелерінсіз (қызметтік куәліктерді, жеке куәлікті және жұмыс орнынан анықтамаларды көрсеткен кезде) және өңірдің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін кәсіпорындардың тізбесі

1. «Казпочта» АҚ;
- 2.«Қазақтелеком» АҚ;
3. «КЕГОК» АҚ;
4. «ҚазТрансГаз» АҚ;
5. «ҚазТрансГаз-Аймақ» АҚ;
6. «Азиатский Газопровод» ЖШС;
7. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ;
8. «Интергаз Орталық Азия» АҚ;
9. «ҚазТрансОйл» АҚ;
10. «ҚазақстанТемірЖолы» ҰҚ» АҚ;
11. «Қазавтожол» АҚ;
12. «Қазахавтодор» ЖШС;
13. Ұялы байланыс операторлары;
14. «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС.

**Санитарлық және дезинфекциялық режимді күшейтумен, тоқтата тұруға  
жатпайтын ұйымдар мен кәсіпорындар үшін рұсат етілген қосымша қызмет  
түрлерінің тізбесі**

1. Орталық мемлекеттік органдардың Түркістан облысы бойынша аумақтық бөлімшелері, Түркістан облысының жергілікті атқарушы органдары және олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдары.
2. Денсаулық сақтау жүйесі, төмендегілерді қоса алғанда:
  - 2.1. Дәріханалар жанындағы егу бөлмелерін қоспағанда, медициналық мекемелер (ауруханалар, емханалар);
  - 2.2. Зертханалық қызметтер;
  - 2.3. Фармацевтикалық компаниялар, дәріханалар;
  - 2.4. Түркістан облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының келісімі бойынша қорғаныш маскаларын, дезинфекциялық құралдарды, антисептиктерді өндіретін кәсіпорындар.
3. Ветеринарлық қызметтер.
4. Қалалық инфрақұрылым және коммуналдық қызметтер, соның ішінде:
  - 4.1. Электрэнергетикалық компаниялар (өндірушілер, тасымалдаушылар, бөлшек жеткізушілер);
  - 4.2. Газ-, су-, жылумен жабдықтау, су бұру (өндірушілер, тасымалдаушылар, бөлшек жеткізушілер);
  - 4.3. Өртке қарсы және апатты-құтқару қызметтері;
  - 4.4. Тұрғын үй қорын басқару саласындағы қызметтер (электриктер, сантехниктер, аулалар мен үй-жайларды жинау, авариялық қызмет, оның ішінде лифттерге қызмет көрсету бойынша);
  - 4.5. Көшелер мен үй-жайларды жинау;
  - 4.6. Қоқыстар мен қалдықтарды жинау, өңдеу және жою;
  - 4.7. Дезинфекция, дезинсекция, дератизация қызметтерін көрсететін кәсіпорындар;
  - 4.8. Жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйымдар;
  - 4.9. Телекоммуникация және байланыс;
  - 4.10. Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының «такси тізілімінде» тіркелген мамандандырылған көлік құралдарының, сондай-ақ такси қызметінің қызметтері;
  - 4.11. Пошталық, курьерлік қызметтер;
  - 4.12. Түркістан облысы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет «мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалының байланыс орталықтары.
  - 4.13. Түркістан облысының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, «ҰАТ» АҚ-ның филиалы.
5. ҚР Ұлттық Банкінің филиалдары, Ұлттық почта операторы, екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар ұйымдар онлайн режимде жұмыс істеуге және «клиентке дейін жеткізіп беру» принципімен жұмыс жасауға көшу.
6. Қонақ үйлер, нотариустар, адвокаттық кеңселер.
7. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында қызмет көрсететін кәсіпорындар (күзет агенттіктері).

8. Дезинфекциялық режимді күшейте отырып азық-түлікті көтерме саудамен өткізу, азық-түлік дүкендері.

9. Бұқаралық ақпарат құралдары, баспаханалар.

10. Автожанармай құю және автогаз құю станциялары.

11. Келесіде көрсетілген салалардағы кәсіпкерлік субъектілері:

- жеңіл өнеркәсіп;
- машина жасау;
- құрылыс материалдарының өндірісі;
- мұнай-химия, химия өнеркәсібі және мұнай өнімдерін өндіру;
- индустриялық және арнайы экономикалық аймақтардың субъектілері;
- наубайханалар, кондитерлік кәсіпорындар;
- тамақ өнеркәсібі және осы өнімдерге арналған орам материалдарын өндіру;
- буып-түю материалдарын өндіруді қоса алғанда, дәрілік препараттарды өндіру;
- медициналық жабдықтар мен медициналық құралдар, санитарлық гигиеналық өнімдері;
- тамақ өнімдерін сертификаттау;
- азық-түлік өнімдерін, дәрілік препараттарды және медициналық бұйымдарды өндіруге арналған шикізатты қоймалау және дистрибуциялау;
- көлік ұйымдары мен жүк тасымалдаушылар;
- мал мен құсқа жем және дәрі-дәрмектер;
- ағаш өңдеу өнеркәсібі;
- құрылыс нысандарына арналған металл өндірісі;
- орам материалдары мен (оның қағаздан жасалған) өндіру.

12. АӨК (Агро өнеркәсіп кешені), мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, балық шаруашылығы, жылыжай кешендері саласында жұмыс істейтін кәсіпорындар (санитарлық эпидемиологиялық нормаларға сәйкес).

13. Санитариялық-эпидемиологиялық нормалары күшейтілген құрылыс компаниялары.

Құрылыс дүкендері жеткізу режимінде жұмыс жасайды.

14. Басқа да маңызды қызметтер, оның ішінде:

14.1. Тамақ өнімдерін, дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды, сондай-ақ бірінші қажеттілік тауарларын жеткізу сервистері;

14.2. Қоғамдық тамақтандыру нысандарының (мейрамханалар, дәмханалар, барлар, асханалар және басқалар) қызметі дайын өнімді жеткізу кезінде және дайындау орындарында санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін онлайн тапсырыстарды қолдана отырып, тамақтарды үйге жеткізу режиміне көшеді.

14.3. Сауда-логистикалық орталықтар, көліктік-логистикалық фирмалар, қоймалар, азық-түлік өнімдерін, дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дистрибуциялау.